

## ҚАМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ШАРТ

Ақтөбе қ.

"15" наурыз 2022 ж.

"Білім беру ұйымы" Әйтеке би аудандық "Әйтеке би көпсалалы колледжі" МКҚК, оқу орнының Жарғысы негізінде әрекет ететін директоры М.С. Жиенқожаев, бір жағынан, бұдан әрі "Кәсіпорын" деп аталатын "Комсомол" ЖШС, Жарғысы негізінде әрекет ететін директор В. В. Волынец екінші тараптан төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 1.1. Шарттың мәні тараптардың кәсіпорынның білім беру ұйымына қамқорлығын бекіту жөніндегі бірлескен қызметі болып табылады.

### 2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

#### 2.1. Білім беру ұйымының құқығы бар:

2.1.1. Кәсіпорында оқитын студенттердің өндірістік практикадан өтуін бақылауды жүзеге асыруға.

2.1.2. Арнайы пәндер бойынша оқытушыларды және өндірістік оқыту шеберлерін кәсіпорынмен келісілген тағылымдамаға жіберуге.

#### 2.2. Кәсіпорын құқылы:

2.2.1. 1 курстан бастап студенттерді Кәсіпорынға бекітуге (өндіріс туралы қажетті ақпарат алу, осы кәсіпорында практикадан өту мүмкіндігі, осы кәсіпорын бойынша жобалау-курстық, дипломдық жұмыстардың бағытын анықтау және т.б. мақсатында).

2.2.2. Кәсіпорында өндірістік практикадан өту үшін бөлінетін орындар санын анықтауға.

2.2.3. Қамқорлыққа алынған білім беру ұйымына кәсіби пәндерді оқыту үшін кәсіпорынның тәжірибелі мамандарын жіберуге.

2.2.4. Бос орындар болған жағдайда кәсіпорында кәсіптік оқытудан өткен түлектерді (студенттерді) одан әрі жұмысқа орналастыру мақсатында оларды бөлу кезінде неғұрлым даярланған мамандарды таңдауды жүзеге асыруға.

2.2.5. Колледждің материалды техникалық базасын жабдықтау және ұстау үшін білім беру ұйымдарына мүмкіндігінше келісім-шарт негізінде қаржылық және материалдық көмек көрсетуге.

2.2.6. Қосымша келісім-шарттар негізінде кәсіпорында өндірістік практикадан өту кезінде білім беру ұйымдарының студенттеріне жалақы төлеуді көздеуге (тараптардың келісімі бойынша).

### 3. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

#### 3.1. Білім беру ұйымы:

3.1.1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес білім алушы студенттердің таңдаған мамандығы бойынша негізгі білім беру бағдарламасын меңгеруі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

3.1.2. Білім алушы студенттердің еңбек тәртібін, кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін сақтауын, оларға сеніп тапсырылған мүлікке және кәсіпорындағы өндірістік практика үшін қажетті басқа да материалдық құндылықтарға ұқыпты қарауды қамтамасыз етеді.

3.1.3. Осы Шартта көзделген мамандықтар және кәсіпорынға қажетті басқа да мамандықтар бойынша кәсіпорынның өтінімдері мен қажеттіліктеріне сәйкес мамандықтарды оқыту мен даярлауға тиісті өтінімдер берілген жағдайда білім алушыларды қабылдауды жүргізеді.

3.1.4. Білім беру ұйымы өзіне мынадай міндеттемелер алады:

Мамандығы: **07161600-«Ауыл шаруашылығын механикаландыру»**, біліктілігі: **3W07161603 – «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы машинисі»** бойынша оқитын білім алушыны академиялық күнтізбеге сәйкес өндірістік практикадан өтуге жолдама беру;

### 3.2. Мекеме:

3.2.1. Оқу жоспарына сәйкес білім алушылардың өндірістік практикасын және кәсіпорынның объектілері мен өндірістік базасында тағылымдаманы ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

3.2.2. Білім беру ұйымымен бірлесіп тәлімгерлік институтын дамытады.

3.2.3. Кәсіпорында машықтанушыларға еңбек жағдайларын жасайды, Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі қолданыстағы заңнамасына сәйкес қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету үшін жұмыс беруші ретінде жауапты болады.

## 4. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

4.1. Тараптар осы Шартты орындау шеңберінде белгілі болған құпия мәліметтерді жария етпеуге міндеттенеді.

4.2. Тараптар білім алушы студенттердің жұмыстарын сапалы ұйымдастыруға және олардың қауіпсіздік техникасы мен ҚР Еңбек заңнамасының талаптарын өндірістік практикада сақтауына жауапты болады.

## 5. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

5.1. Осы Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және белгіленбеген мерзімге жасалады.

5.2. Шартты тараптар одан шыққанға дейін бір ай бұрын жазбаша өтініш жіберу арқылы бұза алады.

5.3. Осы Шарт күшіне енгеннен кейін оған тараптардың келісімімен және осы шартта айқындалған талаптармен басқа заңды және жеке тұлғалар қосыла алады.

## 6. ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

**Білім беру ұйымы: «Әйтеке би көпсалалы колледжі» МКҚК**

(білім беру ұйымның атауы)

**Әйтеке би ауданы Комсомол селосы Алтынсарин көшесі 24**

(заңды мекен-жайы)

**РНН 060600000795**

**БИН 920140000361**

**ИИК KZ606010121000167307**

**БИК HSBKZKX**

**Банк АО «Народный Банк Казахстана»**

(БСН, БСК, Кбе, банк)

**тел. факс 8-713-39-21728**

(қала кодын көрсетіп байланыс телефон, факс нөмірі)

Білім беру ұйымның басшысы:

**Жиенқосаев Мақсұт Самуратович**

(Тегі, аты, әкесінің аты бар болған жағдайда), қолы)

**Кәсіпорын:**

**«Комсомол» ЖШС**

(Кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның және тағы басқа тауы)

**Әйтеке би ауданы Комсомол селосы Әйтеке би көшесі 1**

(заңды мекен-жайы)

**БИН 981240002147**

**ИИК KZ71926010218P723004**

**БИК KZKOKZKX**

**Банк АО «Казкоммерцбанк»**

(БСН, БСК, Кбе, банк)

**8713-39-21-3-54**

(қала кодын көрсетіп байланыс телефон, факс нөмірі)

Директор

**Вольский Виталий Викторович**

(Тегі, аты, әкесінің аты, қолы)